Мемлекеттік гранттарды
қалыптастыру, беру,
мониторингтеу және
олардың тиімділігін бағалау
қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Кімге: "Азаматтық бастамаларды қолдау
орталығы" коммерциялық емес акционерлік
қоғамына
Кімнен: Жағымды жаңалық Қ.Қ
(Өтініш берушінің толық атауын көрсету)

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін қысқа мерзімді және орта мерзімді гранттар беруге арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

| 1. Өтініш беруші | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1. БСН | 201240004559 | | | |
| 2. Ұйымның тіркелген күні | 04 желтоқсан 2020 жылы | | | |
| 3. Ұйымның толық атауы | «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры | | | |
| 4. Ұйымның заңды мекенжайы | Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 28 ш/а, 3 үй, 51 пәтер | | | |
| 5. Ұйымның басшысы | Тегі<br>**Қуанышбай** | Аты<br>**Нұрлан** | Әкесінің аты (болған жағдайда)<br>**Алтынбекұлы** | Лауазымы<br>**Қор директоры** |
| 6. Ұйымның Жарғысына сәйкес негізгі қызмет түрлері | - Журналисттік зерттеу, арнайы хабар, бейнероликтер, әлеуметтік роликтер жасақтау;<br>- Республикалық және аймақтық БАҚ өкілдерімен байланыс орнату, шаралардың насихатталуын қамтамасыз ету;<br>- БАҚ өкілдерінің кәсіби мерекелерін, байқауларын, медиа-турларын, кәсібилігін көтеретін семинарлар, сайыстар өткізу және бұқаралық спортқа баулу, тиісті ақпараттық насихаттау жүргізу;<br>- Отандық және шетелдік мекемелермен байланыс орнату, БАҚ өкілдерімен тәжірибе алмасу, ақпараттық қолдау көрсету;<br>- БАҚ өкілдеріне, баспа, газет-журналдарда, сайттарда мемлекеттік тілдің дұрыс қолданылуын қадағалау, қате жазулар мен жарнамаларға тексеріс жүргізу, мұғалімдердің және БАҚ өкілдері арасында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тақырыбында шаралар ұйымдастыру;<br>- Мемлекеттік бағдарламаларды насихаттау, ел арасында тиісті ақпараттық қолдау көрсету | | | |
| 7. Ұйымның жұмыс тәжірибесі бар нысаналы топтар | 1. 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдер<br>2. 18-35 жас аралағындағы жастар | | | |

<table>
<tr><td></td><td>3. 35-63 жас аралығындағы азаматтар<br>4. Маңғыстау облысындағы БАҚ және медиа қызметкерлері<br>5. ҚР Журналистер Одағының мүшелері<br>6. Жас мамандар мен ардагер тілшілер<br>7. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйыдардың баспасөз хатшылары</td></tr>
<tr><td>8. Ұйымның байланыс телефоны</td><td>87075203007 (WhatsApp)<br>87754203007</td></tr>
<tr><td>9. Электрондық пошта мекенжайы</td><td>jagymdyjanalyq2024@gmail.com</td></tr>
<tr><td>10. Интернет желісінде өтініш берушінің веб-сайты</td><td>жоқ</td></tr>
<tr><td>11. Әлеуметтік желілердегі парақшалар (топтар, аккаунттар)</td><td>«Инстаграм» әлеуметтік желісінде:<br>https://www.instagram.com/jagymdy_janalyq/?igsh=eWlwbm9qMXhpdGVv<br>«Фейсбук» әлеуметтік желісінде:<br>https://www.facebook.com/profile.php?id=61556708973381&mibextid=ZbWKwL</td></tr>
<tr><td>12. Іске асырылған негізгі жобалар мен бағдарламалар *<br>Ескерту.<br>* Көрсетілген қызметтер актілерінің және шот-фактуралардың электрондық көшірмелері жобалардың іске асырылуын және өтініш берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын құжаттар болып табылады. Әлеуметтік жобалар шетелдік көздер есебінен іске асырылған жағдайда және гранттар Оператор арқылы іске асырылған жағдайда – әлеуметтік жобаның іске асырылуын растайтын шарттардың және өзге де құжаттардың көшірмелері.</td><td>
<table>
<tr><th rowspan="2">№</th><th rowspan="2">Әлеуметтік жобаның атауы</th><th rowspan="2">Қаржыландыру көлемі (теңге)</th><th rowspan="2">Қаржыландыру көзі/ Тапсырыс беруші</th><th colspan="2">Орындау кезеңі</th><th rowspan="2">Негізгі нәтижелері</th></tr>
<tr><th>Басталуы</th><th>Аяқталуы</th></tr>
<tr><td>1.</td><td>Мемлекеттік органдардың БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылы</td><td>9 499 000</td><td>«Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы» ММ</td><td>28.03.2023</td><td>30.11.2023</td><td>1. Өңірдегі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшыларына Республикалық медиа тренерлерді шақырту арқылы 3 семинар-тренинг өткізілді;<br>2. Өңірдегі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз</td></tr>
</table>
</td></tr>
</table>

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | хатшыларына арналған тәжірибе алмасу бойынша кемінде 200 маманның қатысуымен 3 шеберлік сағаты өтті.<br>3. Өңірдегі кемінде 10 БАҚ қызметкері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшысы республикалық БАҚ, медиа және баспасөз орталықтарында тағылымдамадан өтті;<br>4. Өңірдегі БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордағы баспасөз хатшыларына арналған ерлер арасында шағын футболдан, қыздар арасында волейбол ойынынан «БАҚ КУБОГІ» ұйымдастырылды |
| 2 | Маңғыстау облысындағы жастарға арналған мемлекеттік қолдау шараларының іске асуына қоғамдық мониторинг | Қаражат талап етпеді | Қазақстандағы АҚШ Елшілігі; «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ | сәуір 2023 жылы | қараша 2023 жылы | 1. Ақтау қаласының 80-ге жуық жас азаматтың қатысуымен әлеуметтік сұхбат жүргізілді; https://www.instagram.com/reel/CthXoQgoMxo/?igsh=MTB5aWt6cmR0eXpmMA==<br>2. Аймақтағы 2 мемлекеттік қолдау |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | жүргізу | | | | | жобаларына талдау жасалды; https://www.instagram.com/reel/CtpNwB8J8Zc/?igsh=MmQ0MWZ4ZXR6eW5z |
| 3 | Өңірдегі үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ-тың өзара іс-қимылы | Қаражат талап етпеді | Қазақстандағы АҚШ Елшілігі; «Маңғыстау облысының Азаматтық Альянсы» ЗТБ | сәуір 2023 жылы | қараша 2023 жылы | 1. Маңғыстау облысындағы 15 ҮЕҰ жетекшісі мен өкілі медиасауаттылығын арттырды |

| | |
|---|---|
| 2. Әлеуметтік жобаның командасы | |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Қуанышбай Нұрлан Алтынбекұлы – Қор директоры / Жоба жетекшісі |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2014 – 2017 ж. «Қазақстан» РТРК АҚ МОФ «Қазақстан – Ақтау» телеарнасы<br>**Редактор – тележүргізуші**<br>2017 – 2018 ж. «ЕВРАЗИЯ.1-АРНАСЫ»<br>**Маңғыстау облысы бойынша стрингер**<br>2017 – 2018 ж. «Қазақстан» РТРК АҚ МОФ «Маңғыстау» телеарнасы<br>**«Жаңалықтар бөлімінің» шеф-редакторы**<br>2018 – 2021 ж. «Қазақстан» РТРК АҚ МОФ «Маңғыстау» телеарнасы<br>**Редактор – Ақпарат бөлімінің тілшісі**<br>2021 – 2022 ж. Маңғыстау туризм колледжі<br>**Оқыту шебері, «Студенттік парламент» жетекшісі**<br>2022 – 2024 ж. MEDIA HOLDING «Atameken Business»<br>**Маңғыстау облысы бойынша меншікті тілші** |
| 3. Қосымша мәліметтер | - 2018 ж. «Сот репортеры» - Маңғыстау облыстық соты<br>- 2015 ж. «Заманауи тележурналистика» - Гүлнәз Ауданбаеваның авторлық курсы<br>- 2018 ж. ҚР Журналистер Одағының мүшесі<br>- 2023 ж. «ҮЕҰ және қоғам» нетворкинг алаңы «Тренерлерге арналған тренинг» - Маңғыстау облыстық Азаматтық Альянс |

| | |
|---|---|
| | - 2024 ж. «Спорт жөніндегі Қоғамдық кеңес мүшесі» - Маңғыстау облыстық спорт және дене шынықтыру басқармасы<br>- 2023 ж. «Қайырымдылық тарихы» номинациясының лауреаты – Республикалық «Қайырымдылық керуені» байқауы |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме: | «**Инстаграм**» әлеуметтік желісінде:<br>https://www.instagram.com/nurekekuanyshbai3007?igsh=MW9pb2doOXNpam5tdA<br>«**Фейсбук**» әлеуметтік желісінде:<br>https://www.facebook.com/profile.php?id=100011001768855&mibextid=ZbWKwL<br>**Электронды пошта:** ussen9393@mail.ru |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Файзуллин Тілекқабыл – жобаның SMM маманы |
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2011 – 2011ж. Маңғыстау облыстық жастар саясаты орталығы<br>**«Мәдени көпшілік шаралар бөлімінің» маманы**<br>2011 – 2011ж. «Ақтау студенттер Альянсы»<br>**Атқарушы директорының м.а.**<br>2011 – 2012ж. «ЕНКА Инмаат Салам А.Ш.»<br>**Шебер**<br>2015 – 2016ж. «Qazaqstan» РТРК АҚ МОФ «Қазақстан-Ақтау» телеарнасы<br>**Редактор – тележүргізуші**<br>2017 – 2021ж. «Qazaqstan» РТРК АҚ МОФ «Маңғыстау» телеарнасы<br>**Редактор – тележүргізуші**<br>2021 – 2022ж. «Х. Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау политехникалық колледжі»<br>Өндірістік оқу шебері<br>2021 – 2022ж. «ADAL Promotion»<br>**Пресс-служба, СММ**<br>2023 – 2024ж. «Жағымды жаңалық» Қоғамдық Қоры<br>**Қоғаммен байланыс маманы**<br>«Сарбаз» телехабарының жетекшісі, «Біздің уақыт» подкаст жүргізушісі |
| 3. Қосымша мәліметтер | ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «Маңғыстау» телеарнасының «Үздік жас журналист» аталымының иегері, жеке кәсіпкер, қоғам белсендісі |
| 4. Әлеуметтік желілердегі бейіндерге сілтеме: | «**Инстаграм**» әлеуметтік желісінде: https://instagram.com/tilek_faizullin?igshid=YmMyMTA2M2Y=<br>«**Фейсбук**» әлеуметтік желісінде: https://www.facebook.com/tilek.faizullin |
| 1. Команда мүшесінің аты-жөні және мәлімделген жобадағы команда қатысушысының лауазымы | Оңғарбаева Камшат Түркменбайқызы – Жоба есепшісі |

| | |
|---|---|
| 2. Жұмыс тәжірибесі | 2002 – 2003 ж. «АФК Ардагер» ЖШС<br>**Есепші**<br>2005 – 2009 ж. «Фирма Терминал» ЖШС<br>**Қаржы менеджері**<br>2009 – 2012 ж. «Aktau Shipping» ЖШС<br>**Бас есепші**<br>2013 – бүгінгі күнге дейін. «ServiceComplectPlus» ЖШС<br>**Бас есепші**<br>2023 – қазіргі кезге дейін. «Жағымды жаңалық» Қоғамдық Қоры<br>**Бас есепші** |
| 3. Жоба туралы | |
| 1. Жоба бойынша жоспарланған қызмет сәйкес келетін мемлекеттік гранттың басым бағыты (мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының тізбесінен алынады) | Аймақтағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің біліктілігін арттыру; |
| 2. Іске асыруға грант сұралатын әлеуметтік жобаның атауы | Өңірдегі БАҚ пен баспасөз қызметкерлерін жан-жақты қолдауға бағытталған кешенді іс-шаралар жобасын жүзеге асыру; |
| 3. Мәселенің сипаттамасы, әлеуметтік жобаның әлеуметтік маңыздылығын негіздеу (мәселе зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау, БАҚ-та жариялау және т. б. жолымен анықталған объективті деректермен негізделуі тиіс.) | **Аймақтық баспасөз** – журналистиканың негізгі саласы. Аймақтық басылымдарда демократиялық қоғамның негізгі құндылықтары дәріптеліп, өңірдің өзекті мәселелері жазылып, түйткілді проблеманың шешімін табуға деген талпыныс бар. Өңірдегі журналистердің жаңа медианың ақпарат таратудағы технологиялық мүмкіндіктерін пайдаланудағы тәжірибесі жүйелі қалыптасып келеді. Дегенмен кейбір облыстық басылымдардың мен баспасөздің экономикалық, әлеуметтік және кадрлық ахуалы көңілдегідей емес. Өңірлік журналистикада кадр тапшылығы да айқын байқалады. Алайда, қазіргі ақпараттық техника мен технологияның сипаты мен түрінің сан алуандығына қарамастан ақпарат ұсыну мен жеткізудің ең дамыған арнасы бұқаралық ақпарат құралдары болып қалуда. Қалыптасқан көзқарасқа сәйкес бұқаралық ақпарат құралдарына баспасөз, теледидар, радиохабар, баспалар мен кітап саудасы, ақпарат және жарнама агенттіктері, Интернет желісі, сондай-ақ жұртшылықпен байланыс қызметтері жатады. Ал, хабар жеткізетін техникалық құралдардың ерекшеліктеріне сәйкес бұқаралық ақпарат құралдары (масс-медиа деп те аталады) баспасөз, электронды және Интернет-БАҚ болып бөлінеді. Мұндай бөліністі ТМД елдері зерттеушілерінің көбісі мақұлдайды. Жоғарыда атап өткеніміздей, ақпарат агенттіктерін жеке БАҚ түрі ретінде қарастыратындар да бар, алайда, қазіргі агенттіктер өздерінің жаңалық таспаларын Интернетке шығарып, нақты уақыт режимінде жаңғыртып отыратынына байланысты оларды интернет-медиа қатарына жатқызуға әбден болады. БАҚ мемлекет имиджін қалыптастыратын үлкен құрал. Бүгінде әлеуметтік және цифрлы медианың, жаңа ғылыми технологиялардың журналистика платформасына елеулі өзгерістер әкеліп, жаңашылдық тудырғаны жасырын емес. Қазір бұқаралық ақпарат құралдарындағы дәстүрлі ақпарат |

| | |
|---|---|
| | тарату үлгісіне де көптеген өзгеріс енді. Әлеуметтік желідегі сан мыңдаған парақшалар, блогерлер, одан бөлек сайттар арқылы ақпарат жылдам әрі жедел жетеді. Тұтынушыларға ақпарат әр түрлі каналдардан келеді, олардың саны есепсіз. Дегенмен, бұндай ашықтық келтірілген дәйектерді дәлелімен ұсынатын, нақты фактілермен сөйлейтін сенімді дереккөздерді іздеуге алып келеді. Журналистердің еңбегі осы тұста көрінеді. Аудиторияны айшықты, анық ақпаратпен сусындатын БАҚ өкілдері бүгінде заман талабына сай бейімделуге тиіс. Қазақстан да журналистиканың жаңа платформаларына көшіп, жаңа технологияларды қолданып, өзгерістер енгізіліп жатқанына куә болып келеміз. Бүгінде телеарналар тек көк жәшіктегі көрерменге қызмет етіп қоймайды. Барлық телеарна мен газет-журнал, радионың сайттары, әлеуметтік желілерде ресми парақшалары жұмыс істеп тұр. Журналистердің ақпарат беріп, репортаж таратуына, әр күн сайын жаңалықтарды жариялап, талдап отыруға, пікір білдіруге және бөлісуге ғаламтор көп мүмкіндік беріп, үлкен септігін тигізді. Барлық уақытта, демалыссыз,күні-түні жұмыста болатын, нақты ақпар тарататын журналистердің еңбегі ғаламтор арқылы әлемдік деңгейде көрінді, жаңа белеске шықты. Интернет пайда болғаннан кейін журналистердің қызметі әдеттегі офистік уақытпен шектеліп қалмайды. Енді интернет арқылы 24 сағат оқырмандармен байланыста болып, ақпаратты жедел жеткізіп, жүйелі жұмыс істеп отыру керек. Заманның талап етіп жатқаны осы. Қазір аудитория кері байланысқа шыға алады. Тек БАҚ пен сайт емес, ресми парақшалар арқылы әлеуметтік желілерде де журналистердің жұмыстары көрініс тауып, ақпараттандыру іске асып отырады.<br><br>Қазір әлемде журналистер мен аудитория арасын *Facebook, Tumblr, Twitter және Pinterest* секілді қосымшалар байланыстырып тұр. 2023 жылдың қортындысы бойынша қазақстандықтар арасында танымал әлеуметтік желілер ретінде Pinterest (28,1%), YouTube (20,64%), Facebook (18,1%), Instagram (10,16%), X (Twitter, 9,82%) құрап отыр. (https://www.zakon.kz/obshestvo/6416340-nazvany-samye-populyarnye-sotsseti-v-kazakhstane.html). Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде 20 елден 150-ден астам шетелдік БАҚ өкілдері, соның ішінде BBC, Associated Press, Inter-fax, France Press, Reuters, ИНТЕР-ТАСС сияқты ірі ақпараттық агенттіктер аккредиттелген. Тақырыптардың, басылымдардың және тілдердің әртүрлілігі БАҚ-тың қарқынды дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстан журналистерінің конгресі, Қазақстан журналистер одағы, Қазақстан телерадио хабарларын таратушылар қауымдастығы, халықаралық ұйымдардың өкілдіктері сияқты журналистер құқығын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер: ЕҚЫҰ, Халықаралық адам құқықтары бюросы, Internews network, «Әділ сөз» және т.б. жемісті қызмет етуде. (https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy)<br><br>Былтыр жаңадан құрылған Қазақстан Республикасы Мәдениет пен ақпарат министрілігінің мәліметіне сәйкес, елімізде есепке қойылған 5 208 БАҚ бар. Ақпарат және мәдениет министрлігі хабарлауынша, мерзімді баспа басылымы – 3 686, телеарна – 191, радио – 84, шетелдік БАҚ – 279 және интернет БАҚ – |

| | |
|---|---|
| | 968 (оның ішінде ақпарат агенттігі – 543, желілік басылым – 425). БАҚ түрлері бойынша, тіркелген БАҚ-тың жалпы санының ішінде: 3676 баспа тобы, оның ішінде газет - 2180 және 1496 журнал бар. (*https://stan.kz/kazakstanda-kansha-bak-bar-media-salanin-bugingi-mumkin-383037/*) Ұлттық телерадиостанциялар ұлттық спутниктік жүйе арқылы таратылады. 2002 жылдан бастап CaspioNet спутниктік арнасы (оператор Eutelsat) құрылды. BBC, CNN, Deutsche Welle, «Азаттық» радиосы, Польшаның «Полония» арнасы, ресейлік және басқа да теле-радио арналар республика бойынша кабельдік және спутниктік арналар арқылы бағдарламалар таратады. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінде 20 елден 150-ден астам шетелдік БАҚ өкілдері, соның ішінде BBC, Associated Press, Inter-fax, France Press, Reuters, ИТАР-ТАСС сияқты ірі ақпараттық агенттіктер аккредиттелген. Тақырыптардың, басылымдардың және тілдердің әртүрлілігі БАҚ-тың қарқынды дамуына ықпал етеді. Қазақстан журналистерінің конгресі, Қазақстан журналистер одағы, Қазақстан телерадио хабарларын таратушылар қауымдастығы, халықаралық ұйымдардың өкілдіктері сияқты журналистер құқығын қорғау жөніндегі қоғамдық бірлестіктер: ЕҚЫҰ, Халықаралық адам құқықтары бюросы, Internews network, «Әділ сөз» және т.б. жемісті қызмет етуде. (https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy)<br><br>ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: - *«Ақпарат саясатының тиімділігін арттыру, креативті индустрияны дамыту. Масс-медиа – елімізді жаңғырту ісіне ерекше ықпал ететін сала. Сондай-ақ билік пен қоғам арасындағы пәрменді байланыс құралы. Ақпарат құралдарында түрлі көзқарастар тоғысады. Оны қоғам тынысының барометрі деуге болады. Осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін ақпарат саясатын түбегейлі қайта қарау қажет. Креативті индустрияны жаңа деңгейге көтеруіміз керек. Қазір медиа саласы, кино және сериал, мультфильм, спорт және музыка шоулары, компьютер ойындары мен кітаптар – бәрі бірігіп, біртұтас жүйеге айналды»*, деді Мемлекет басшысы. (https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy) *«Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбекқорлық пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады». Бұқаралық ақпарат құралдары азаматтық диалог жүргізудің ашық алаңына айналып, мемлекет пен қоғамның өзара байланысын нығайтуға зор үлес қосып жүр. Еліміздің журналистері озық ой мен тың идеялардың таралуына дәнекер болып, азаматтарды толғандыратын өзекті мәселелерді көтереді. Сондай-ақ оқиғаларды жан-жақты зерделеп, популизм мен арандатушылыққа тосқауыл болады.* Бұл – айрықша маңызды миссия. (https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy) « – *Осылайша, біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыра аламыз. Сондықтан халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған медиа саласының мамандарына зор жауапкершілік жүктеледі. Бүгінде Қазақстан Орталық Азия аймағында көшбасшы мемлекетке айналды. Біз көптеген салалар бойынша алда келеміз. Бірақ, тоқмейілсіп отыруға болмайды. Біз бір ел* |

*болып табанды еңбек етуіміз керек. Қазақстан озық елдермен қатар тұратын бәсекеге қабілетті мемлекетке айналуы қажет. Осы міндетті жүзеге асыру жолында сіздердің, яғни журналистердің рөлі айрықша. Медиа мамандары халыққа шынайы ақпарат беріп, еліміздегі ахуалды азаматтарға жан-жақты түсіндіріп отыруы керек.* Бұл – аса маңызды міндет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. (https://bilim-all.kz/article/17506-Qazirgi-Qazaqstandagy-BAQ-bolashagy-men-damuy)

Ақпарат және Мәдениет министрі Аида Ғалымқыз Балаева БАҚ туралы: *« - Қолында ақпараты бар адам әлемді басқарады» деген көпке белгілі сөздің растығына күмән келтіру қиын. Қанша айбынды басшы не көш бастаған алып мемлекет бол, кім болса да әлемге өз әмірін жүргізетін төртінші билікпен санасуына тура келеді. Әлемдік медиакеңістікте ұлттық БАҚ-тың төрт құбыласы түгел болсын десек, бәсекеге қабілетті дүние жасауға бейімделгеніміз абзал.»* деді.

Сондай – ақ, министр «Спутник Казахстан» басылымына сұхбат бергенде еліміздегі БАҚ мамандарының біліктілігін арттыру қажеттілігін атап өткен болатын: «- *Жасыратын несі бар, соңғы жылдары тек Қазақстанда ғана емес, көптеген әлем елдерінде кәсіби БАҚ шетте қалып қойды. Сұраныстың жоқтығы көзге ұрып тұрды, мұның себебін журналистердің өзі де жете түсіне алмады. Журналистер мамандығын тастап, басқа салаға кетуге мәжбүр болды – фриланс, пиар, блогер. Мен талай рет айттым және тағы да қайталаймын: кәсіби журналистика – таңдаулылардың, өз ісіне жанашыр, батыл және мықты адамдардың кәсібі. Және біз оған ең құрметті мамандықтардың бірі деген мәртебені қайтаруға міндеттіміз.*

*- Қазақстанда жыл сайын 34 жоғары оқу орнынан мыңнан аса журналист түлеп ұшады. Алайда соның тек 60%-ке жуығы ғана өз мамандығы бойынша еңбек етеді. Бұл мәселе жоғары оқу орындарының басшылық құрамымен және отандық БАҚ-пен кездесулерде талай рет көтеріліп, талқыланды. Тәжірибе мен пікір алмасу қорытындысы бойынша студенттерді өндірістік процеске көбірек тартып, практикалық дағдыларын дамыту қажет деген тоқтамға келдік. Тағы бір оң өзгеріс – шетелдік контентке тәуелділіктің азаюы. Бұған қоса, мемлекеттік емес БАҚ-қа ақпараттық тапсырыс аясында бөлінген қаржы ішінара мемлекеттік тілді насихаттауға бағытталған. Ал бұл мемлекеттік тілде көрсетілетін телехикаялар мен деректі фильмдер, түрлі жобалардың санын арттырады.* (*https://eljastary.kz/news/17447/* )

**Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасының** (https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-uvp?lang=kk) **мәліметіне сәйкес, ресми 51 БАҚ тіркелген. Оның ішінде, қазіргі танда 18 БАҚ белсенді қызмет жасауда. Олардың 10-ы электрондық (3 телеарна, 2 радиостанция, 5 ақпараттық агенттік), 8-і баспа БАҚ.**

| | |
|---|---|
| | **Атап айтқанда:**<br><br>**«Маңғыстау» телеарнасы** – облыстың басты ақпарат алаңы болып саналады. Облыс көлемінде тәулігіне 14 сағат хабар тарататын және барлық елді мекендерді қамтитын телеарна. Өз өндірісінің эфирдегі үлесі 82%-ды құрайды. Әртүрлі тақырыптық бағыттағы телебағдарламалар 42%-ды қамтиды. Тәулігіне 5 рет қазақ тілінде және 5 рет орыс тілінде жаңалықтар шығады. Жаңалықтардың жалпы хронометражы - тәулігіне 240 минут немесе жалпы эфирдің 22%-ын алады. Телеарна облыс аумағын 100% қамтиды. «Отау ТВ», IDnet жерсеріктік хабар тарату арқылы республикаға да, жақын шет елдерге де көрсету мүмкіндігін алған.<br><br>**«Жаңаөзен» телеарнасы** – Маңғыстау телеарнасының филиалы, Жаңаөзен қаласында күніне 4 сағат хабар таратады.<br><br>**«AQTAU TV» телерадиоканалы** - тәулігіне 19 сағат хабар таратып, цифрлық хабар тарату (ЦТВ) арқылы Қазақстанның барлық аймақтарын, оның ішінде ауылдық елді мекендерді қамтиды. Маңғыстау облысы 100% қамтылған. Өз өндірісінің теледидар өнімдерінің үлесі 95%-ды құрайды және бұл елдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі. 2022 жылдың 1 ақпанынан бастап Жаңаөзен қаласында «AQTAU» теле-радио арнасы қосылып, хабар тарата бастады. «AQTAU» теле-радио арнасының екі тілдегі жаңалықтар қызметі мен түрлі бағыттағы 20-ға жуық бағдарламасы бар.<br><br>**«Маңғыстау Медиа» ЖШС** – өңір бойынша ең ірі бұқаралық ақпарат құралдарын, 8 мемлекеттік баспа құралдары мен mangystaumedia.kz веб-сайттарын біріктіретін мекеме. (облыстық газеттер – «Маңғыстау», «Огни Мангистау» және қала/аудан – «Жаңаөзен», «Қарақия», «Ақкеттік арайы», «Рауан», «Жаңа Өмір», «Мұнайлы» газеттері).<br><br>Сонымен қатар, аймақта «Lada.kz», «tumba.kz», «inAktau», «mangystautv.kz», «mangystaumedia.kz» интернет ресурстары, «Маңғыстау» және «Жолбаян» радиосы жұмыс істейді.<br><br>**Бүгінде аймақ журналистерінің ақпаратты өңдеудің, талдаудың және таратудың заманауи форматтары, құралдары мен әдістерін білу деңгейінің төмендігі, кәсіптің құқықтық және этикалық негіздерін жете түсінбеуі байқалады. Өңірде уәкілетті органдардың алдында 50-ге жуық мемлекеттік мекеменің баспасөз хатшыларының дағдарыстық коммуникациялар, әлеуметтік желілердегі ақпараттық жұмыс, БАҚ-пен өзара іс-қимыл бойынша кәсіби дағдыларын қалыптастыру міндеті тұр. Сонымен қатар, аймақтағы медиа мамандардың беделін және олардың өзара ынтымақтастығын арттыру, БАҚ өкілдеріне арналған ынталандыру тетіктерін қалыптастыру қажет.**<br><br>Жоғарыда көрсетілген деректер, аймақтағы дәстүрлі БАҚ пен мемлекеттік органдарды баспасөз |

| | |
|---|---|
| | қызметінің бүгінгі **медиа нарығын жете түсіну, ақпарат таратуда тың әдістерді пайдалана білу, сапалы контент жасау, мақсатты аудиториямен тиімді жұмыс жүргізу, контенттің тиімділігін сараптау, материалды ілгерілету стратегиясын құру, нақты ақпаратты дер кезінде ұсынуы, баспасөз релизін сауатты жазу дағдылары мен білімін арттыру қажет екендігін** екендігін көрсетіп отыр.<br><br>**«Жағымды жаңалық» қоғамдық қорының командасы – аймақтағы кәсіби журналистерден тұратын ескере отырып, аталған жоба өңірлік БАҚ пен баспасөз саласындағы бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған нақты іс-шараларды қамтитын әлеуметтік жобаны ұсынып отыр.** |
| 4. Әлеуметтік жобаның мақсаты | **Маңғыстау облысындағы БАҚ қызметкерлері мен баспасөз хатшылардың ақпараттық кеңістіктегі заманауи тенденциялар мен талаптарды үйрету арқылы олардың кәсіби біліктілігін арттыру** |
| 5. Әлеуметтік жобаның міндеттері | 1. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 6 модульдік оқыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;<br>2. Маңғыстау облысындағы медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және ынталандыру мақсатында қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру;<br>3. Маңғыстау облысындағы БАҚ қызметкерлерінің журналистік зерттеу жүргізуін ынталандыру;<br>4. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бейресми қауымдастығын құру;<br>5. Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдерінің бірлескен «Жағымды жаңалық» медиа жобасын іске асыру |
| 6. Әлеуметтік жобаның сипаттамасы: жобаны іске асырудың тетіктері (әдістері) (мына сұрақтарға жауап беру қажет: межеленген мақсаттарға қалай қол жеткізуге болады, қойылған міндеттер қалай орындалады, олардың шешу жолдарын кім жүзеге асырады, бұл ретте қандай ресурстар тартылатын болады). | **1-міндет – Маңғыстау облысындағы баспасөз және БАҚ өкілдеріне арналған кемінде 6 модульдік оқыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру:**<br><br>**Аталған міндетті ұйымдастыру үшін облыс төңірегінде жұмыс істейтін жергілікті және республикалық БАҚ ұйымдарының мамандарына, мемлекеттік органдардың баспасөз хатшыларына арналған көп компонентті оқыту бағдарламасы ұсынылады.** Аталған оқыту бағдарламасына еліміздегі БАҚ және баспасөз саласындағы сарапшылардың қатысуымен 6 модульден тұратын оқыту бағдарламасы жасақталады.<br><br>**№1 модуль:** Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз **хатшыларына «Нақты ақпаратты дер кезінде ұсыну, баспасөз релизін сауатты жазу» тақырыбында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Журналистер одағының мүшесі, ардагер журналист, публицист Қайнар Олжайдың семинар-тренингі** ұйымдастырылады.<br>**№2 модуль:** Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларына арналған **«Сапалы контентті қалыптастыру, ақпаратты берудің жаңа стильдері мен әдістері» тақырыбында медиа-лектор Нұрбек Бекбаудың оқыту шарасы** ұйымдастырылады.<br>**№3 модуль:** Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларына арналған **«FackNews: түсінік және күрес» тақырыбында «Factchek.kz» сайтының журналисті, медиа-тренер** |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
Жансерік Тілеуханның семинар-практикумы ұйымдастырылады. Екі күндік сабақ барысында өңір мамандары фактілерді тексерудің, ашық деректерге қол жеткізудің маңыздылығы, ақпараттың шынайылығын тексеруді үйренеді.<br>
№4 модуль: Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларына арналған «Аудио және видео визуалды қалыптастыру жолдары» тақырыбындағы тәуелсіз журналист, документалист Әлия Әшімнің шеберлік сағаты ұйымдастырылады. Спикер аудио және видео материал, деректі фильм жасау үшін ақпарат жинау, деректерді өңдеу, жеке бренд қалыптастыру, заманауи медиа технологиялар мүмкіндігі туралы тәжірибесімен бөлісетін болады.<br>
№5 модуль: Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларына арналған «SMM: кейстер мен кеңестер» тақырыбында ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Халықаралық медиа мектебінің түлегі Айнаш Есалиннің семинар-тренингі ұйымдастырылады.<br>
№6 модуль: Өңірлік БАҚ қызметкерлері мен мемлекеттік мекемелердің баспасөз хатшыларына арналған «Медиасауат пен журналисттік этика» тақырыбында ҚР Журналистер Одағының мүшесі, кәсіби медиа-тренер Алтынгүл Меңдіханның семинары ұйымдастырылады.
2-міндет – Маңғыстау облысындағы медиа мамандардың өзара ынтымақтастығын арттыру және ынталандыру мақсатында қоғамдық-мәдени, спорттық іс-шаралар ұйымдастыру:
Аталған міндетті іске асыру үшін өңірде «БАҚ Кубогі» жобасы іске асады. Аталған жоба аясында аймақтағы БАҚ саласының қызметкерлері мен ардагерлері арасында спорттық жарыстар мен зияткерлік сайыстар ұйымдастырылады.
